

БЕКІТЕМІН
«ҰБОО» КЕАҚ
Басқарма төрағасының м.а.
А. Т. Алтынбекова

2026 жылға арналған «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КЕАҚ-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Ұсыным	Іс-шара	Іс-шараның аяқталу нысаны	Орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Қоғамның еңбекақы төлеу жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ережеде мүдделер қақтығысын азайту мақсатында: 1) «Комиссия мүшелері мәселені қарау басталғанға дейін мүдделер қақтығысының (жеке мүдделіліктің) бар-жоғын хабарлауға және тиісті мәселені қарауға қатысудан өзін-өзі шеттетуге міндетті» нормасын енгізу ұсынылады; 2) өзін-өзі шеттету фактісін хаттамада қосымша тіркеу және мүдделер қақтығысын жасырғаны үшін жауапкершілік көздеу; 3) «Комиссия қызметі ашықтық, объективтілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу қағидаттары негізінде жүзеге асырылады» тармағын енгізу ұсынылады.	Қоғамның еңбекақы төлеу жөніндегі біліктілік комиссиясының қызметінде мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тетігін енгізу	Қоғамның еңбекақы төлеу жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ереже / Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық	Тасмагамбетова Л.С.	2026 жыл ішінде
2	Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулықта мүдделер қақтығысын азайту мақсатында құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері тарапынан негізгі құралдарды есептен шығару және беру рәсімдеріне кейінгі (іріктеп) мониторинг тетігін көздеу ұсынылады.	Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі комиссия құрамына құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерін енгізу	Негізгі құралдарды есептен шығару және беру жөніндегі нұсқаулық	Аханова А. Ж.	2026 жыл ішінде

Комплаенс-офицер



Н. Ахметова